# Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 16 ақпандағы N 152 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 23 қазандағы N 1657 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің 2009 - 2011 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 16 ақпандағы N 152 қаулысына мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің 2009 — 2011 жылдарға арналған стратегиялық жоспарында:

"Мемлекеттік орган қызметінің стратегиялық бағыттары, мақсаттары, міндеттері мен көрсеткіштері" деген 3-бөлімде:

"Экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жаңғырту" деген 1-стратегиялық бағытта:

"Экономиканың сапалы және тұрақты өсуін қамтамасыз ету" деген 1-мақсатта:

"Нысаналы индикаторлар" мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

"Ел ЖІӨ-сіндегі шағын және орта бизнес субъектілерінің үлесі 2009 жылы - 31,1 %; 2010 жылы - 31,3 %; 2011 жылы - 31,5 %

Шағын және орта кәсіпкерліктің белсенді субъектілерінің саны 2009 жылы - 635 мың бірлік; 2010 жылы - 638,5 мың бірлік; 2011 жылы - 641,7 мың бірлік

Белсенді микрокредиттік ұйымдар саны 2009 жылы - 605 бірлік; 2010 жылы - 615 бірлік; 2011 жылы - 625 бірлік";

"Экономикадағы іскерлік белсенділікті қолдау" деген 4-міндетте:

"

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Біріктірілген, өзара байланысты және ілеспе өндірістер кешенін құру үшін әлеуметтік кәсіпкерлік корпарациялармен бірлесіп мастер-жоспарлар әзірлеу | Мастер-жоспар жобасы | | | 7 | | |

"

деген жол алынып тасталсын;

"

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| "Мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы" (салалық реттеуіштер мәселелері бойынша) Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасын әзірлеу | Жарлық жобасы | | | 1 | | |

";

деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

"

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Жеке кәсіпкерлік мәселелері бойынша нормативтік құқықтық базаны жетілдіру | НҚА жобасы | | | 1 | | 1 |
| Кәсіпкерлікті дамыту тұжырымдамасын әзірлеу | НҚА жобасы | | | | 1 | |
| Жеке кәсіпкерлік субъектілерін тексеруді жоспарлау мақсатында тәуекелдерді бағалау жүйесін енгізу | НҚА жобасы | | | 30 | 27 | |
| Тәуекелдер дәрежесін бағалау өлшемдерін айқындау әдістемесін әзірлеу | НҚА жобасы | | | 1 | | |
| Шағын және орта бизнестің мүдделеріне негізсіз нұқсан келтіретін, сондай-ақ ескірген және бәсекелестікке қарсы ережелерді алып тастау мақсатында жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қойылатын талаптарды белгілейтін нормативтік құқықтық базаны тексеру | % | | | 10 | 90 | |
| Бақылау және (немесе) қадағалау функциялары берілген мемлекеттік органдардың қызметіне шағын және орта бизнеске реттеуші әсер етуін талдауды енгізу | НҚА жобасы | | | | 1 | |
| Шағын қаржы ұйымдарының қызметін реттейтін заңнаманы жетілдіру | НҚА жобасы | | | 1 | | |
| Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін әдіснамалық қамтамасыз етуді ұйымдастыру | Құралдар саны, бірл. | 8000 | | | 8000 | 8000 |

";

"Бәсекеге қабілеттілікті, оның ішінде Қазақстанның егеменді кредиттік рейтингтерін арттыру жөніндегі қызметті мониторингтеу мен талдау жүйесін жетілдіру " деген 5-міндетте:

"

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігі аспектілерін жақсарту жөніндегі қызметті мониторингтеу және талдау | ҚРҮ-ге есеп | | | 4 | 4 | 4 |

"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігі аспектілерін жақсарту жөніндегі қызметті мониторингтеу және талдау | ҚРҮ-ге есеп | | | 1 | 1 | 1 |

";

"Мемлекеттік органның стратегиялық бағыттары мен мақсаттарының мемлекеттің стратегиялық мақсаттарына сәйкестігі" деген 4-бөлімде:

"Экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жаңғырту" деген 1-стратегиялық бағытта:

"Экономиканың сапалы және тұрақты өсуін қамтамасыз ету" деген 1-мақсат мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"

| | | |
|---|---|---|
| | Шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау. Елге серпінді дамыған шағын және орта кәсіпкерлік қажет. Қазақстан ЖІӨ-сіндегі шағын және орта бизнес субъектілерінің үлесі кемінде 40 %-ды құрауға тиіс. | "Нұр Отан" халықтық демократиялық партиясының 2007 жылғы 4 шілдедегі кезектен тыс XI съезінде қабылданған " |

| | | |
|---|---|---|
| | Біз мыналарға қол жеткіземіз: - кәсіпкерлік, әкімшілік кедергілерді жою мәселелері бойынша нормативтік құқықтық базаны жетілдіру; - шағын және орта бизнес субъектілері үшін салық салу, қаржылық-кредиттік қолдау жүйелерін жетілдіру. | Нұр Отан" халықтық демократиялық партиясының сайлау алдындағы платформасы |

";

"Функционалдық мүмкіндіктер мен ықтимал тәуекелдер" деген 5-бөлімде:

"Басқа да мемлекеттік органдармен және ұйымдармен өзара іс-қимыл" деген кіші бөлімде:

"1. Экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жаңғырту" деген жолдың 2-бағанында:

"ӘКК - мастер-жоспарларды әзірлеу жұмыстарын жүргізу" деген он екінші абзац алынып тасталсын;

он төртінші абзац "іске асыру;" деген сөздерден кейін "кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеуді, оның ішінде мемлекеттік бақылауды және мемлекеттік рұқсат беру жүйесін жетілдіру;" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Барлық мемлекеттік органдар, екінші деңгейдегі банктер мен даму институттары - шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шараларын жетілдіру";

"Негізге алынып Стратегиялық жоспар әзірленген нормативтік құқықтық актілердің тізбесі" деген 6-бөлім мынадай мазмұндағы 4-1) және 9-1) тармақшалармен толықтырылсын:

"4-1) "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 31 қаңтардағы Заңы;

9-1) "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 маусымдағы N 832 Жарлығы;";

"Бюджеттік бағдарламалар" деген 7-бөлімде:

001 "Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау мен басқару жүйесін қалыптастыру және дамыту жөніндегі қызметтер" деген бюджеттік бағдарламада:

"Инвестициялық саясатты қалыптастыру, мемлекеттік инвестицияларды жүзеге асырудың тиімділігін қамтамасыз ету" деген 2-бөлімде:

"Сандық көрсеткіштерде":

"

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Біріктірілген, өзара байланысты және ілеспе өндірістер кешенін құру үшін әлеуметтік кәсіпкерлік корпарациялармен бірлесіп мастер-жоспарлар әзірлеу | Мастер-жоспар жобасы | | | 7 | | |

"

деген жол алынып тасталсын;

"Лицензиялау, тарифтік саясат саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру" деген 10-бөлімде:

тақырыбындағы "Лицензиялау, тарифтік саясат" деген сөздер "Кәсіпкерлік, лицензиялау, салалық реттеуіштер" деген сөздермен ауыстырылсын;
"Сандық көрсеткіштер" мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:
"

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Жеке кәсіпкерлік мәселелері бойынша нормативтік құқықтық базаны жетілдіру | НҚА жобасы | | | 1 | | 1 |
| Кәсіпкерлікті дамыту тұжырымдамасын әзірлеу | НҚА жобасы | | | | 1 | |
| Жеке кәсіпкерлік субъектілерін тексеруді жоспарлау мақсатында тәуекелдерді бағалау жүйесін енгізу | НҚА жобасы | | | 30 | 27 | |
| Тәуекелдер дәрежесін бағалау өлшемдерін айқындау әдістемесін әзірлеу | НҚА жобасы | | | 1 | | |
| Шағын және орта бизнестің мүдделеріне негізсіз нұқсан келтіретін, сондай-ақ ескірген және бәсекелестікке қарсы ережелерді алып тастау мақсатында жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қойылатын талаптарды белгілейтін нормативтік құқықтық базаны тексеру | % | | | 10 | 90 | |
| Бақылау және (немесе) қадағалау функциялары берілген мемлекеттік органдардың қызметіне шағын және орта бизнеске реттеуші әсер етуін талдауды енгізу | НҚА жобасы | | | | 1 | |
| Шағын қаржы ұйымдарының қызметін реттейтін заңнаманы жетілдіру | НҚА жобасы | | | 1 | | |
| Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін әдіснамалық қамтамасыз етуді ұйымдастыру | Құралдар саны, бірл. | 8000 | | | 8000 | 8000 |

";
"Нәтиже көрсеткіштері" мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:
"

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Ел ЖІӨ-сіндегі шағын және орта бизнес субъектілерінің үлесі | % | 30,8 | 31,1 | 31,1 | 31,3 | 31,5 |

";
"Бағдарламаны іске асыруға арналған шығыстар" деген жолдағы "1 008 208,0" деген сандар "1 037 969,2" деген сандармен ауыстырылсын;
025 "Ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін және тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" АҚ жарғылық капиталын ұлғайту" деген бюджеттік бағдарламада "Бағдарламаны іске асыруға арналған шығыстар" деген жолдағы "58 641 552,0" деген сандар "50 387 000,0" деген сандармен ауыстырылсын;
003 "Мемлекеттік жоспарлау саласында ақпараттық жүйені құру және дамыту" деген бюджеттік бағдарламадан кейін мынадай мазмұндағы жаңа бюджеттік бағдарламамен толықтырылсын:
"

| | |
|---|---|
| Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі | Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі |
| | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Бюджеттік бағдарлама | 028 "Кәсіпкерлік саласындағы Қазақстан Республикасының мүдделеріне өкілдік етуді қамтамасыз ету, сондай-ақ Қазақстан Республикасы мен Еуропалық Одақ елдері арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға жәрдемдесу" | | | | | | | |
| 1-стратегиялық бағыт | Экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жаңғырту | | | | | | | |
| 1-мақсат | Экономиканың сапалы және тұрақты өсуін қамтамасыз ету | | | | | | | |
| 4-міндет | Экономикадағы іскерлік белсенділікті қолдау | | | | | | | |
| Көрсеткіштер | | | | | | | | |
| Көрсеткіштер | Көрсеткіштер атауы | Өлшем бірлігі | 2007 жыл (есеп) | 2008 жыл (жоспар) | 2009 жыл | 2010 жыл | 2011 жыл | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | |
| Сандық көрсеткіштер | Жүргізілген семинарлар саны | Бірлік | | | 2 | | | |
| Сапа көрсеткіштері | | | | | | | | |
| Тиімділік көрсеткіштері | | | | | | | | |
| Нәтиже көрсеткіштері | Ел ЖІӨ-сіндегі шағын және орта бизнес субъектілерінің үлесі | % | 30,8 | 31,1 | 31,1 | 31,3 | 31,5 | |
| | Шағын және орта кәсіпкерліктің белсенді субъектілерінің саны | Мың бірлік | 55,8 | 621,1 | 635,0 | 638,5 | 641,7 | |
| Бағдарламаны іске асыруға арналған шығыстар | Кәсіпкерлік саласындағы Қазақстан Республикасының мүдделеріне өкілдік етуді қамтамасыз ету, сондай-ақ Қазақстан Республикасы мен Еуропалық Одақ елдері арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға жәрдемдесу | Мың теңге | | | 15 060,0 | | | |

";

"Бюджеттік шығыстардың жиынтығы" деген кесте мынадай редакцияда жазылсын:
"

| Шығыстар | Есепті кезең | | Жоспарлы кезең | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 2007 жыл (есеп) | 2008 жыл (жоспар) | 2009 жыл | 2010 жыл | 2011 жыл |
| 1. Қолданыстағы бағдарламалар, оның ішінде: | 7 820 692,6 | 623 324 761,2 | 58 295 835,2 | 151 562 383,0 | 149 359 564,0 |
| Ағымдағы бюджеттік бағдарламалар | 3 068 374,6 | 10 999 021,2 | 7 418 704,2 | 6 185 385,0 | 6 471 720,0 |
| Бюджеттік даму бағдарламалары | 4 752 318,0 | 612 325 740,0 | 50 877 131,0 | 145 376 998,0 | 142 887 844,0 |
| 2. Әзірлеуге ұсынылатын бағдарламалар, оның ішінде: | 136 674,0 | 152 388,0 | 28 015 316,0 | 120 173 050,0 | 86 172 628,0 |
| Ағымдағы бюджеттік бағдарламалар | 136 674,0 | 152 388,0 | 738 316,0 | 65 010 050,0 | 41 172 628,0 |
| Бюджеттік даму бағдарламалары | 0,0 | 0,0 | 27 277 000,0 | 55 163 000,0 | 45 000 000,0 |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 3. Барлық шығыстар, оның ішінде : | 7 957 366,6 | 623 477 149,2 | 86 311 151,2 | 271 735 433,0 | 235 532 192,0 |
| Ағымдағы бюджеттік бағдарламалар | 3 205 048,6 | 11 151 409,2 | 8 157 020,2 | 71 195 435,0 | 47 644 348,0 |
| Бюджеттік даму бағдарламалары | 4 752 318,0 | 612 325 740,0 | 78 154 131,0 | 200 539 998,0 | 187 887 844,0 |

";

"Стратегиялық бағыттар бойынша шығыстарды, мақсаттар, міндеттер мен бюджеттік бағдарламаларды бөлу" деген кестеде:

"001 "Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау мен басқару жүйесін қалыптастыру және дамыту жөніндегі қызметтер" деген жолдағы "1 008 208,0" деген сандар "1 037 969,2" деген сандармен ауыстырылсын;

"025 "Ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін және тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" АҚ жарғылық капиталын ұлғайту" бюджеттік бағдарламасы" деген жолдағы "58 641 552,0" деген сандар "50 387 000,0" деген сандармен ауыстырылсын;

"003 "Мемлекеттік жоспарлау саласында ақпараттық жүйені құру және дамыту" бюджеттік бағдарламасы" деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1-стратегиялық бағыт. Экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жаңғырту | | | | | |
| 1-мақсат. Экономиканың сапалы және тұрақты өсуін қамтамасыз ету | | | | | |
| 4-міндет. Экономикадағы іскерлік белсенділікті қолдау | | | | | |
| 028 "Кәсіпкерлік саласындағы Қазақстан Республикасының мүдделеріне өкілдік етуді қамтамасыз ету, сондай-ақ Қазақстан Республикасы мен Еуропалық Одақ елдері арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға жәрдемдесу" бюджеттік бағдарламасы | | | 15 060,0 | | |

";

"Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі бюджетінің жиыны" деген жолдағы "94 520 882,0" деген сандар "86 311 151,2" деген сандармен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының*
*Премьер-Министрі К. Мәсімов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК